

Айыртау аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 қарашадағы № 6-47-17 " Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2021 жылғы 6 мамырдағы № 7-5-1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 11 мамырда № 7422 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2023 жылғы 20 қарашадағы № 8-9-2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 20.11.2023 № 8-9-2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26-бабына сәйкес Айыртау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Айыртау аудандық мәслихатының "Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2020 жылғы 25 қарашадағы № 6-47-17 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 6741 болып тіркелді) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында (бұдан әрі-қағидалар):

қазақ тіліндегі қағидалардың 12-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"12.Әлеуметтік көмек осы Қағидалардың 3-қосымшасының 17) тармағында көрсетілген негізде санаторий-курорттық емдеу құны мөлшерінде жылына бір рет көрсетіледі";

Қағидалардың 12-тармағы орыс тілінде өзгеріссіз қалдырылсын;

қағидалардың 1-қосымшаның 5-жолының екінші бағаны "15 ақпан – Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні" қазақ тілінде жаңа редакцияда жазылсын:

"Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының үкіметтік органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарына қатысқан Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің басшы және қатардағы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса алғанда); оқу жиындарына шақырылған және Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде жіберілген әскери міндеттілер; Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде осы елге жүк жеткізу үшін жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмалармен ұшқан ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңестік әскери контингентке қызмет көрсеткен, жарақат, контузия алған немесе мертлікке ұшыраған ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер";

қағидалардың 1-қосымшаның 5-жолының екінші бағаны "День вывода ограниченного контингента советских войск из Демократической Республики Афганистан -15 февраля" орыс тілінде өзгеріссіз қалдырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық мәслихаты
V сессиясының төрағасы*

А. Кожаметов

*Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық мәслихатының хатшысы*

Г. Абулкаирова

"КЕЛІСІЛДІ"

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

_____ Қ.Ақсақалов

2021 жылғы " " _____